

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**Р.Қ. Елшібаев**

«Нархоз университеті» КЕАҚ, Алматы, Қазақстан

✉ Корреспондент-автор: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

Елімізде қор биржасының белсенділігі айтарлықтай арта түсті. Әсіресе жеке инвесторлар сегментінің кеңеюі байқалады. Ол елдегі экономикалық тұрақтылыққа, инфляция деңгейіне, халықтың нақты табысының өсуіне тікелей байланысты. Сондықтан да елдегі тұрақтылық, халықтың әл-ауқатын арттыру, экономикалық өсім, ақша-несие жүйесі, бизнес субъектілерінің белсенділігі басты назарда болуы тиіс. Жеке тұлғалардың бағалы қағаздарды сатып алуға қызығушылығының артуына пандемия да өзінің ықпалын тигізді. Жеке инвесторлар банктік депозиттерге баламалы көздерді, қосымша табыс табу жолдарын қарастыра бастады. Сонымен қатар брокерлік қызметтерді цифрландыру барлық қызығушылық танытқандарға инвестициялауға қол жетімділікті қамтамасыз етті.

2020 жылдан бастап екінші деңгейлі банктерге брокерлік қызметті жүргізуге рұқсат берілуі, олардың белсенділігін арттыра түсті. Қазір еліміздің жекелеген банктері (Халық банк, Банк Центр Кредит) мобильді қосымшалары арқылы бағалы қағаздарын сатуды іске асыра алады. Қазір тек ірі компаниялар ғана емес шағын және орта бизнес субъектілерінің де бағалы қағаздар нарығындағы белсенділігін жоғарылату бойынша жұмыстар жасалып жатыр. Сондықтан да бағалы қағаздар нарығына бастапқы кезеңде мемлекеттің араласуы, қолдау және реттеу бойынша жүйелі жұмыстар атқаруы өте маңызды.

Мақалада елімізде қор нарығын дамытудың қажеттілігі және мемлекеттік реттеу мәселелері қарастырылған. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудің маңызы, негізгі мақсаты және іске асыру құралдары мен негізгі тәсілдері көрсетілген, сондай-ақ, өзекті мәселелері анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: қор нарығы, бағалы қағаздар, эмитент, инвестор, трейдер, брокер, диллер, мемлекеттік реттеу, Қазақстандық қор биржасы.

ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЫНКА ЦЕННЫХ БУМАГ**Р.К. Елшібаев**

НАО «Университет Нархоз», Алматы, Казахстан,

e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

В стране значительно возросла активность фондовой биржи. Особенно заметно расширение сегмента частных инвесторов. Это напрямую зависит от экономической стабильности в стране, уровня инфляции, роста реальных доходов населения. Поэтому в центре внимания должны быть стабильность в стране, повышение благосостояния населения, экономический рост, денежно-кредитная система, активность субъектов бизнеса. На рост интереса физических лиц к покупке ценных бумаг повлияла и пандемия. Частные инвесторы начали рассматривать альтернативные источники банковских депозитов, способы получения дополнительных доходов. Кроме того, цифровизация брокерских услуг обеспечила всем желающим доступ к инвестированию.

С 2020 года банки второго уровня получили разрешение на ведение брокерской деятельности, что повысило их активность. Сейчас отдельные банки страны (Народный банк, Банк Центр Кредит) могут осуществлять продажу ценных бумаг через мобильные приложения. Сейчас ведется работа по повышению активности на рынке ценных бумаг не только крупных компаний, но и субъектов малого и среднего бизнеса. Поэтому очень важно, чтобы государство на начальном этапе проводило системную работу по вмешательству, поддержке и регулированию рынка ценных бумаг.

В статье рассматривается необходимость развития фондового рынка и вопросы государственного регулирования в стране. Указаны важность, основная цель, инструменты и методы осуществления государственного регулирования рынка ценных бумаг, а также выявлены актуальные проблемы и предложены пути их решения.

Ключевые слова: фондовый рынок, ценные бумаги, эмитент, инвестор, трейдер, брокер, дилер, государственное регулирование, Казахстанская фондовая биржа.

ISSUES OF STATE REGULATION OF THE SECURITIES MARKET

R.K. Yelshibayev

JSC Narxoz University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

The activity of the stock exchange has increased significantly in the country. The expansion of the segment of private investors is especially noticeable. This directly depends on the economic stability in the country, the level of inflation, and the growth of real incomes of the population. Therefore, the focus should be on stability in the country, improving the well-being of the population, economic growth, the monetary system, and the activity of business entities. The pandemic also influenced the growing interest of individuals in buying securities. Private investors began to consider alternative sources of bank deposits, ways to generate additional income. In addition, the digitalization of brokerage services provided everyone with access to investing.

Since 2020, second-tier banks have received permission to conduct brokerage activities, which has increased their activity. Now individual banks of the country (Halyk Bank, Bank Center Credit) can sell securities through mobile applications. Now work is underway to increase activity in the securities market not only of large companies, but also of small and medium-sized businesses. Therefore, it is very important that the state at the initial stage carries out systematic work to intervene, support and regulate the securities market.

The article discusses the need to develop the stock market and issues of government regulation in the country. The importance, main goal, tools and methods of implementing state regulation of the securities market are indicated, and current problems are identified and ways to solve them are proposed.

Key words: stock market, securities, issuer, investor, trader, broker, dealer, state regulation, Kazakhstan Stock Exchange.

Кіріспе. Елімізде бағалы қағаздар нарығын дамыту және реттеу қаржы секторының тиімділігіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан да бұл мәселе мемлекет басшысының басты назарында. Қор биржасының жеткілікті деңгейде дамымауы, халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі, бағалы қағаздармен жұмыс жасауда қажетті білімдер мен дағдылардың болмауы қарапайым халықтың алаяқтарға алдануына, қаржы пирамидасына сеніп қалуына алып келеді. Осыған байланысты бұл бағытта теориялық-әдістемелік, тәжірибелік, ғылыми ізденістердің қажеттілігі мен

маңыздылығы жоғары деп айтуға болады. Еліміз егемендігін алғаннан бастап қазіргі кезге дейін бағалы қағаздар нарығына қатысты бірқатар нормативтік-құқықтық актілер әзірленіп, жыл өткен сайын өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырды. Соның нәтижесінде бағалы қағаздарды шығару мен айналымға енгізу бойынша экономикалық қатынастар жүйесінде жаңа құқықтық орта қалыптастырылды. Алайда бағалы қағаздар нарығын дамыту мен реттеудің жүйелі тәсілдерінің болмауынан бұл нарық бүгінгі таңда өзінің инвестициялық функциясын жеткілікті деңгейде орындай алмай отыр. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын дамыту мен мемлекеттік реттеу аясындағы іргелі зерттеулердің тапшылығы мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жүргізу барысында эмпирикалық, субъектілік-объектілік, жүйелік, дедуктивтік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістердің әрқайсысы сәйкес зерттеу міндеттерін шешу үшін функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты пайдаланылды. Бұл зерттеуде теориялық-эмпирикалық әдістерді қолдану мемлекеттік реттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының экономикалық мәнін неғұрлым тереңінен түсінуге мүмкіндік берді.

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді зерттеу кезінде ақпаратты жинау әдісі және қажетті материалды тиімді іздеу, топтастыру, өңдеу және қорытындылау үшін абстрактілеу әдісі ішінара қолданылды.

Нарықтың негізгі экономикалық көрсеткіштерін зерттей отырып автор жүйелік және салыстырмалы талдау әдістерін қолданды.

Зерттеудің мақсаты – бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру және дамыту бағыттарын анықтау.

Зерттеу гипотезасы бағалы қағаздар нарығын реттеуді жетілдіру елімізде қор нарығын дамыту мен тартымдылығын жоғарылатуға мүмкіндік беретіндігімен сипатталады.

Мақаланың ғылыми жаңашылдығы бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу қазіргі кез-

ге дейін қалай жүргізілді және алдағы уақытта қандай бағытта даму қажеттілігін айқындау, нарықтағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдарын ұсынуда көрініс тапқан.

Зерттеу нәтижелері. Мақаланың негізгі ғылыми нәтижесі бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Бағалы қағаздар нарығы және оның жұмыс жасау механизмінің өзекті мәселелерін зерттеумен көптеген ғалымдар және практик-мамандар айналысып келеді. Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған еңбектердің көпшілігінде елімізде қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселелері қамтылған. Қор нарығын қарқынды дамытуда және тиімді қызметін қамтамасыз етуде бағалы қағаздар нарығының рөлі, мемлекеттің ықпал ету дәрежесі, қандай құралдар мен әдіс-тәсілдер арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Нәтижелер мен талқылау. Бағалы қағаздар нарығы осындай қағаздардың эмиссиясы мен айналымы бойынша оның субъектілерінің арасындағы экономикалық қатынастар жиынтығын білдіреді. Бағалы қағаздар нарығының субъектілері ретінде эмитенттер, инвесторлар мен нарықтың кәсіби қатысушыларын айта аламыз [1].

Қазақстанда бағалы қағаздар нарығы екі үлкен бөлікке бөлінген: ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы.

Бағалы қағаздар нарығының қатысушыларын шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Жеке және институционалдық инвесторлар.
2. Бағалы қағаздар шығаратын эмитенттер.
3. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары (бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар).
4. Сауданы ұйымдастырушылар (қор биржасы немесе орталық депозитарий) [2].

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу - бұл бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының іс-әрекетін реттеуге бағытталған мемлекет-

тің уәкілеттілік берген ұйымының іс-әрекеті.

Мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты – бағалы қағаздар нарығының одан әрі дамуы мен тиімді қызмет етуін қолдау. Ол келесілер арқылы қамтамасыз етіледі:


- нарықтың барлық қатысушыларының жұмысына қолайлы жағдай жасау және реттеу;
- нақты сұраныс және ұсыныс негізінде нарықтағы баға белгілеуге бақылау жүргізу;
- нарықтағы ойыншылардың тәуекелінің сыйақысы үшін әлеуетті капиталды қайта бөлудің тиімді механизмін жасау;
- контрагенттердің әртүрлі сипаттағы әділетсіз әрекеттерінен нарық қатсушыларын қорғау; Мә-

селен, әділетсіз бәсеке, инсайдерлік ақпаратпен сату, алаяқтық т.б. сақтау;

- бағалы қағаздар сферасында тиімді салық салу жүйесін қалыптастыру;
- жаңа нарықтарды ұйымдастыру, олардың құрылымдарын, бастамалары мен жаңашылдықтарын қолдау;
- бағалы қағаздар нарығын дамыту кезінде қоғамдық мүдделердің бұзылуына жол бермеу [3].

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу тәсілдерін келесі сурет түрінде көрсетуге болады (1-сурет).

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу тәсілдері



1 - сурет. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу тәсілдері Ескерту – зерттеулер негізінде автормен әзірленген

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңға сәйкес, мемлекеттік реттеу органдары келесідей міндеттерді шешуі тиіс:

- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, эмитенттердің қызметіне қатысты міндетті талаптарды және оның стандарттарын белгілеу;

- бағалы эмиссиялық қағаздар шығару мен эмиссиялар проспектісін тіркеу және ондағы қарастырылған шарттар мен міндеттемелерді эмитенттердің сақтауын бақылау;
- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін лицензиялау;
- меншік иелерінің құқықтарын қорғау жүйесін

құру және олардың құқықтарын қаржы нарығының кәсіби қатысушыларының және эмитенттердің сақтауын бақылау;

- лицензиясыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың іс-әрекетіне тиым салу және шектеу, сондай-ақ, бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының кәсіби және білім деңгейін жоғарылатуды ұйымдастыру [4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей бағалы қағаздар нарығын реттеуді нарық қатысушыларының өздері іске асыруы мүмкін. Ол үшін нарықтың кәсіби қатысушылары (брокерлер мен дилерлер) коммерциялық емес ұйымдарға бірігеді. Мұндай ұйымдардың мақсаты – бағалы қағаздар нарығын реттеу процесіне мемлекеттік реттеуші ұйымдармен бірге қатысу. Мұндай жағдайда мемлекет өздерінің реттеуші функцияларының бір бөлігін береді. Алайда мұндай ұйымдарды мемлекеттік деп атауға болмайды, оларды өзін-өзі реттеуші ұйымдар деп атайды [5].

Қазақстанда жалғыз толыққанды өзін-өзі реттейтін ұйым – Қазақстандық қор биржасы (KASE). Оның жарғысына сәйкес негізгі міндеттеріне мыналар жатқызылады:

- бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің қолайлы шарттарын қамтамасыз ету;
- нарықта кәсіби этика стандарттарын қолдау;
- мемлекеттік реттеу органдарында кәсіби қатысушылардың мүдделерін қорғау;
- бағалы қағаздармен операциялар жүргізудің ережелері мен стандарттарын белгілеу;
- олардың орындалуын бақылау [6].

KASE индексі қазақстандық бағалы қағаздар нарығының даму динамикасын сипаттайтын негізгі индикатор болып табылады.

Қазір қазақстандық қор биржасында келесідей қаржы құралдары айналымда жүр:

- жедел келісім-шарттар: стандартталған жеткізілмеген АҚШ долларындағы фьючерс;
- ҚР қаржы министрлігімен берілген мемлекеттік бағалы қағаздар;
- ҚР Ұлттық Банкімен берілген бағалы қағаздар;
- ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру департаментімен сатуға қойылған акциялардың мемлекеттік пакеті;

- Екінші деңгейлі банктердің депозиттік сертификаттары;
- Мемлекеттік емес бағалы қағаздар: облигациялар, жай, атаулы, артықшылығы бар акциялар.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығы жоғары емес, бірақ, олар сенімділіктің жоғары дәрежесін иеленеді. Сондықтан да халықтың бір тобы тәуекелге бармастан, өздерінің қаражаттарын осындай бағалы қағаздарға салу дұрыс деп есептейді.

Қазақстандық қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда жасау тәсілі электрондық үздіксіз қарсы аукцион әдісі болып табылады. Ол қойылған бағамға сәйкес ең жақсы қарсы баға бойынша жасырын контр әріптеспен автоматты түрде мәміле жасауға негізделген. Сол себепті абстрактілеу әдісі көзқарасы тұрғысынан мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының динамикасын бақылау едәуір күрделі және тиімсіз болып көрінеді.

Автордың пікірі бойынша, нарықты реттеу мен дамыту жөнінде мемлекеттік шаралардың тиімділігін бағалау үшін мемлекеттік емес бағалы қағаздардың едәуір динамикалық нарығына және оның институционалдық инвесторына назар аудару қажет. Сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының дамуы елімізде қаржы секторының дамуымен тікелей байланысты екендігін атап өту қажет.

Елімізде қаржы секторын дамытудың негізгі жеті бағыты анықталған. Олар келесілер:

- қаржылық тұрақтылық және оған деген сенімді қолдау;
- тұрақты дамуға көшу (инновациялар, технологиялар, бизнес-модельдер мен құзіреттіліктер);
- қаржылық қызметті тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- экономиканы қаржыландыру және банктік сектордың дамуы;
- қаржылық мүдделерді қорғау құралы ретінде сақтандыру нарығының дамуы;
- экономиканы қаржыландырудың қосымша каналы ретінде бағалы қағаздар нарығын дамыту;

- банктік емес сектор мен микроқаржыландыруды дамыту [7].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер негізінде бағалы қағаздар нарығын дамыту мен мемлекеттік реттеу жүйесіндегі мынадай өзекті мәселелер анықталды:

- нарықтың шектеулі өтімділігі;
- нарық субъектілерінің қызметін реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құжаттардағы кемшіліктер;
- сапалы қаржылық құралдардың тапшылығы;
- акционерлер өз кәсіпорнын қор нарығына шығарған жағдайда оны жоғалтып алудан қорқуы және жариялы IPO дан бас тартуы;
- листингтік компаниялардың ашықтығының жеткілікті деңгейде болмауы;
- инвесторлардың, әсіресе портфельдік және шағын кәсіби емес инвесторлардың құқытары мен мүдделерін қорғаудың нақты механизмінің болмауы.

Отандық бағалы қағаздар нарығын қажетті деңгейде дамыту үшін мемлекеттің уәкілетті органы келесідей іс-шараларды жүзеге асыруы керек:

1. Отандық қор нарығында айналымда болатын өтімді және сенімді қаржылық құралдардың тізімін кеңейту.
2. Тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын жоғарылата отырып, заманауи IT-технологиялардың көмегімен кәсіби қатысушылардың жұмыс жасау әдістерін жетілдіру арқылы қаржылық қызмет көрсету сапасын арттыру.
3. Эмитенттер мен олардың лауазымды тұлғаларының облигацияларды шығару мен орналастыру талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті жоғарылату.
4. Облигацияларды ұстаушылардың өкілдерінің рөлін көтеру және функцияларын кеңейту;
5. Қазақстандық қор биржасына эмитенттер мен

биржа мүшелеріне мониторинг жасау мақсатында қосымша функциялар беру.

Зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген ізденістер, ғылыми және іскерлік әдебиеттерді талдау мен қорытындылау нәтижесінде келесідей маңызды міндеттерді шешуге назар аудару қажеттілігі анықталды:

- Бағалы қағаздар нарығының тұрақтылығын арттыру. Яғни, бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдердің алдын алу және төмендету бойынша іс-шаралар әзірлеу. Бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.
 - Экономикалық интеграция жағдайында бағалы қағаздар нарығының тиімділігін жоғарылату. Бағалы қағаздар нарығында сұранысты ынталандыру мен көтеру, білікті инвесторлар институтының қызмет ету механизмін жетілдіру, брокерлік ұйымдардың функционалы мен мүмкіндіктерін кеңейту.
 - Инфрақұрылымды жетілдіру және бағалы қағаздар нарығын сапалы дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау. Эмитенттерге қойылатын листингтік талаптар мен қор биржасының ресми тізімінің құрылымын реформалау.
 - Бағалы қағаздар нарығының әлеуетін кеңейту, соның ішінде экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін қаржылық өнімдер есебінен. Бағалы қағаздар нарығында ұсынысты қалыптастыру мен қолдау және эмитенттердің акцияларын алғашқы орналастыруға шығару.
- Зерттеу тақырыбы бойынша белгілі бір шамада ғылыми ізденістердің жасалғанына қарамастан отандық бағалы қағаздар нарығының дағдарысқа тұрақтылығын жоғарылату және халықтың қайталама нарықтағы белсенділігін арттыру мәселесі аз зерттелген күйінде қалып отыр. Дегенмен жүргізілген зерттеулер мен жасалған ұсыныстар автордың келтірген гипотезасының дұрыстығын нақтылай түседі.

Әдебиеттер

1. Magill, M., Quinzii M. Normative properties of stock market equilibrium with moral hazard. Journal of Mathematical Economics. -2011.-Vol.44(7–8).- P. 785-806. <https://doi.org/10.1016/j.jmateco.2006.09.006>

2. Симинин Ю.Г. Правовое регулирование рынка ценных бумаг. Учебно-методическое пособие. – Костанай: КГУ имени А. Байтурсынова, 2012. - 92с.
3. Teall, J.L. Regulation of Trading and Securities Markets // Financial Trading and Investing. -2013.-Vol. 147. -Iss. 2. –P. 93-115. DOI:10.1016/B978-0-12-391880-2.00004-6
4. Закон Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» от 02.07.2003года № 461 (обновленный с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.06.2024г.) URL: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/Z030000461_
5. Cabán-García, M. The impact of securities regulation on the earnings properties of European cross-listed firms. The International Journal of Accounting. -2011. -Vol. 44(3). - P.279-304.
<https://doi.org/10.1016/j.intacc.2009.06.005>
6. Еркебаев, Р.К. Фондовые рынки и биржевое дело: Учебник. - Алматы: Принт-С., 2016. – 395 с. ISBN 978-601-289-048-8
7. Как будут развивать финансовый сектор в Казахстане до 2030года. // Курсив 02.07.2022. URL: <https://kz.kursiv.media/2022-07-02/kak-budut-razvivat-v-kazahstane-finansovyj-sektor-do-2030-goda/>

References

1. Magill, M., Quinzii M. Normative properties of stock market equilibrium with moral hazard. Journal of Mathematical Economics. -2011. -Vol. 44.(7-8).- P.785-806
<https://doi.org/10.1016/j.jmateco.2006.09.006>
2. Siminin Ju.G. Pravovoe regulirovanie rynka cennyh bumag. Uchebno-metodicheskoe posobie. - Kostanaj: KGU imeni A. Bajtursynova, 2012. – 92s. [in Russian]
3. Teall, J.L. Regulation of Trading and Securities Markets // Financial Trading and Investing. -2013.-Vol. 147(2). - P. 93-115. DOI:10.1016/B978-0-12-391880-2.00004-6
4. Zakon Respubliki Kazahstan «O rynke cennyh bumag» ot 02.07.2003goda № 461 (obnovlennyj s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 19.06.2024g.) URL: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/Z030000461_ [in Russian]
5. Cabán-García, M. The impact of securities regulation on the earnings properties of European cross-listed firms. The International Journal of Accounting. -2011. -Vol. 44(3).- P.279-304.
<https://doi.org/10.1016/j.intacc.2009.06.005>
6. Erkebaev, R.K. Fondovye rynki i birzhevoe delo: Uchebnik. – Almaty: Print-S., 2016.-395 s. ISBN 978-601-289-048-8 [in Russian]
7. Kak budut razvivat' finansovyj sektor v Kazahstane do 2030goda. // Kursiv 02.07.2022.
URL: <https://kz.kursiv.media/2022-07-02/kak-budut-razvivat-v-kazahstane-finansovyj-sektor-do-2030-goda/> [in Russian]

Автор туралы мәліметтер

Елшібаев Р.Қ. – Экономика ғылымдарының кандидаты, Нархоз университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

Information about the author

Yelshibayev R.K. – Candidat of Economic sciences, Professor of the University of Narkhoz, Almaty Kazakhstan, e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru